

**Ақтөбе қаласында автодүкендерден және (немесе) шатырлардан (павильондардан ) көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы**

***Күші жойған***

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 3544 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қыркүйекте № 5088 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 3443 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 11.06.2018 № 3443 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі " Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Ақтөбе қаласында автодүкендерден және (немесе) шатырлардан ( павильондардан) көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 1875 "Ақтөбе қаласында автодүкендерден және (немесе) шатырлардан көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3972 болып тіркелген, 2014 жылғы 31 шілдедегі № 95-96 "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қ **Ә л і м о в к е** **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*І. Испанов*

Ақтөбе қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы "26" тамыздағы  
№ 3544 қаулысына қосымша

**Ақтөбе қаласында автодүкендерден және (немесе) патырлардан ( павильондардан) көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар**

| №  | Арнайы бөлінген орындар                                                    |
|----|----------------------------------------------------------------------------|
| 1  | "Авиакалашық" шағын ауданы, № 13 үйдің жанында                             |
| 2  | Набережная көшесі, № 85 үйдің жанында                                      |
| 3  | Әбілқайыр хан даңғылы, № 59 "А" үйдің жанында                              |
| 4  | "Келешек" тұрғын алабы, № 1 үйдің жанында                                  |
| 5  | Қарғалы селолық округі, Қарғалы селосы, Сәтпаев көшесі, № 55 үйдің жанында |
| 6  | Қазанғап көшесі, № 57 "В" үйдің жанында                                    |
| 7  | Ағайынды Жұбановтар көшесі, № 306 үйдің жанында                            |
| 8  | Ағайынды Жұбановтар көшесі, № 282 үйдің жанында                            |
| 9  | Есет батыр көшесі, № 95 үйдің жанында                                      |
| 10 | Рысқұлов көшесі, № 14 үйдің жанында                                        |
| 11 | Есет батыр көшесі, № 110 үйдің жанында                                     |